





ұйымдық және партия-саяси жұмыстардың шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілуіне, әсерлі ұйымдастырылуына тікелей байланысты екендігін айқын дәлелдейді.

Алайда, облысымызда партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстарды бұл талаптар дәрежесінде ұйымдастыра алмай отырған колхоз партия ұйымдары аз емес. Мұндай партия ұйымдарының қатарына сол Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоз партия ұйымын қосуға болады. Бұл партия ұйымы және оның секретары Абдрахманов жолдас артель мүшелері, әсіресе, колхоз мал өсірушілері арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмыстың кеңінен

митеттері колхоз бастауыш партия ұйымдары секретарьларының саяси білім дәрежесі мен іскерлік қабілетін арттыра беруге жете назар аударып, олардың нұсқау-кеңесін жиі өткізіп отыруы қажет.

Большевиктік партия коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыру жолындағы күрестегі өзінің барлық жұмысында партиямыздың негізі — бастауыш партия ұйымдарына сүйенеді. Олай болса, социалистік ауыл шаруашылығының алдында тұрған орасан зор міндеттерді жүзеге асыру күресінде колхоз партия ұйымдарының ролін арттырып, олардың жұмысын жақсарту беру керек.

—00—

## Мариновка су торабы

МАРИНОВКА. (Сталинград облысы), 12 март. (СОТА). Дон өзенінен қотарылған сумен Қарпов су қоймасы сумен толтырылатын болады. Оған су Қарповка арқылы Мариновскі су түтігі станциясынан келеді. Бұл екеуінің арасын кәзіргі уақыт та дала жолы бөліп тұр. Осы жер ғана Мариновка су торабына баратын суға бөгет болуда.

Станцияның құрылысшылары мен монтажшылары Дон өзенінің суын қабылдауға әзірленіп, оны келесі Береславскі су қоймасына қотару жұмысына әзірленуде. Мұнда су диаметрі 2,8 метр трубалар арқылы қотарылатын болады. Бұл трубалар

кәзірдің өзінде-ақ су түтігі станциясының қасына келтірілді.

Мариновка құрылысының бастығы инженер Котоменко былай деп хабарлады:

—Қаналдағы барлық су түтігі станцияларының ішіндегі ең қуатты, көлемі жағынан ең үлкені Мариновка болып табылады. Үш су түтігі станцияларының біреуі бітіп, электр линиясына қосылды. Қалған екі су түтіктерінің монтаж жұмысы да көңілдегідей жүргізіліп келеді.

Құрылыс коллективі коммунизм құрылысын мерзімінен бұрын аяқтау үшін Май мерекесі күрмеріндегі социалистік жарыстың жаршысы болып отыр.

## Калининградтың көркеюі

КАЛИНИНГРАД. 12 март. (СОТА) Партия мен үкмет жасаған қамқорлықтың арқасында Калининград қалпына келтірілді. Мындаған тұрғын үйлер салынып, елмізге балық аулау өнеркәсібіне керекті құрал-жабдықтарды, балық, консерві және тақыма заттарын жасайтын жана кәсіп орындары жасалды. Үстіміздегі жылы

қала транспортын, су проводының жүйесін кеңейтуге, көшелерді, парктер мен стадиондарды көркейту ісіне, коммуналдық шаруашылық құрылысына миллиондаған сом қаражат шығарылып отыр.

Кеше қаланың партия активі қаланы көркейтудің жоспарын орындау жөніндегі шараларды талқылады.

береді.

Паньков жолдастың ұсынысы бойын-

С. ШАТУНОВ,  
Завод партия ұйымының секретары.

## Екатерина Попова — озат стахановшы

Вагон депосының механикалық цехы. Онда республиканың таңдаулы токарі Иван Печоринмен бірге сверловщица Екатерина Попова жұмыс істейді. Оның станогі әрқашан да жоғары жылдамдықта, станокшының қыймылы да орынды тез. Өндірістік операциялардың әрқайсысы жоғары сапалы атқарылады.

Бұл Попова жолдастың быйылғы жылы ғана қолжетіп отырған табысы емес.

Ол темір жол транспортында 20 жылдан бері, оның ішінде 11 жыл бойына вагон депосында жұмыс істеп келеді.

Соғыстан кейінгі бес жылдықта Попова жолдас 9 жыл 7 айдың тапсырмасын орындады. Ол Петропавл жол бөлімшесінде печориншілер қозғалысына ұштасқан жұмысшылардың ішіндегі алғашқылардың бірі.

Қ. АХМЕТОВ,

Су қорын тиімді пайдаланайық!

## Ылғал үшін күрес — мол өнім үшін күрес

Партия мен үкметіміздің қаулы-қарарларына сәйкес, 1955 жылдың аяғына дейін мал шаруашылығының өнімі бес еседен аса көбейтілуге және егін өнімі анағұрлым арттырылуға тиіс. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы мал жайылымдары мен шабындықтарды жақсартуға, мал азығындық шөптер мен дақылдарды көптеп етуге, шабындықтарды жақсарту мақсатында суландыру шараларын жүзеге асыруға, сол сыяқты, жер шаруашылығының мәдениетін арттыру үшін ауыспалы егіс тәртібін игеруді тезірек аяқтауға тікелей байланысты.

Бұл шаралардың орындалуы үшін әрбір колхоз бен совхоз барлық күш-мүмкіншілікті іске жұмылдыруға, шабындықтар мен егін өнімін арттыру үшін облыстың су қорларын, әсіресе, қар суларын тиімді пайдалануға тиіс. Өйткені, қар суын пайдалану өсімдікті ылғалмен кереметінше жабықтаудың негізгі көзі болып саналады. Міне, сондықтан да егіс алаңдарына қар тоқтатудың, қар суының тиімсіз пайдаланылуына жол бермеудің және шабындықтарды жайып суару құрылыстарын салудың ерекше зор маңызы бар.

Қар суын тоқтату бірталай ұйымдастырушылық жұмысты талап етеді. Өйткені, қар еріп, су аға бастаған кезде жердің жоғарғы қабаты тоң болады да, судың жерге сіңуіне көп бөгет жасалады. Егер, қар тез ерісе судың азғана бөлегі ғана жерге сіңеді де, көпшілігі жыраларға, көлдерге және өзендерге ағып кетеді. Әсіресе, ылдый жерлердің суын бөгеу және ол суды жерге сіңіру қыйынырақ болады, сөйтіп, қысты күні түскен барлық қардың суының 40—60 проценті пайдасыз ағып кететін болады. Бұл — қар суын тоқтатуға алдын-ала әзірлік жүргізілмесе, қар тоқтатудың пайдалылығы едәуір кемиді деген сөз.

Сондықтан да қар суын тоқтатудың барлық шараларын жүзеге асыру керек. Бұл жөнінде Ақмола және Ақтөбе облыстары колхоздары мен совхоздарының іс тәжірибесін кеңінен қолдау және пайдалану қажет. Бұл облыстарда қар суын бөгеу үшін бірталай шаралар жүзеге асырылуда. Қар-мұз бөгеттері жасалуда, дөңес жерлерде қардан атжалдар жасалып жатыр. Егер осы шараларды жүзеге асыратын болсақ, біздің облысымызда да

деу ойдағанда өзінде 4 толық же қарамағын

Мамлют ауылшаруа тіміздегі әзірленуде өнімді ең әзірленуі жаппай үлер алған

кемінде 8 суын тоқт

Бәзір о суын тоқт день ауда жылығы 10 жерде қар мыспен а хозшылары Таяудағы тоқтатуға колхоздары кейбір ко айтуға бо

Қар суы ол суды машина көрсете а Преснов, аудандары алымды кейбір МІ атжалдар

Алайда, барлық а совхоздар кені, ауы лыстың е еркендету мән берме арыла ал шаруашы колхоздар бұл мәсел жүр.



МЫСЫ

КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ-  
БАСШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

жоспары да шақырыл- жолдас пар- ді өткізіледі ол күні күт- жұмыспен уданына са- ан кешігіп ында сенімін партия жый- ырарын, он- ра ұсынарын і жүр. партия жый- ятын мәселе түді қажет з коммуни- сиялық тап- ымы комсо- д, үгітшілер ылық жа- салған. - дейді пар- ынабасары Не- пардың қай- ргенін айту десін кезінде орма бермей- жатқанын ың өзі де мал өсіруші- ң арасында рсеткіш тақ- истоктардың , социалис- тардың тәж- атталмайты- мында пар- осылай ба- комитеттің

детуде партия ұйымдарының зор роль атқаратындығы, коммунистер колхозшы шаруалардың ұйымдастырушысы, аван- гарды екені мәлім. Аудандағы 13 кол- хоздың барлығында да партия ұйымы бар. Аудандық партия комитеті баста- уып партия ұйымдарын нығайтып, олардың секретарьларына большевиктік жұмыстың әдістерін жете үйретіп отыр- са, коммунистерді саяси жағынан шы- нықтырып, олардың бұқара арасындағы авангардтық рольдерін күшейте білсе, аудан колхоздарының егін және мал шаруашылығындағы кәзір орын алып отырған олқылықтар болмаған болар еді. Бірақ, амал не, аудандық комитет колхоз партия ұйымдарына басшылық жасауда да жарамсыз әдістен арыла алмай келеді. Бірнеше ұсақ колхоздардың бірігіп іріленген шаруашылыққа айналуы кол- хоз партия ұйымдарының нығайып, ой- дағыдай жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, мұнан бір жыл бұ- рынғы 4 ұсақ шаруашылықтан іріленген Ленин атындағы колхоз партия ұйымын- да 25 коммунист болды, партия бюросы құрылды. Аудандық комитетте колхоз пар- тия ұйымының бюросына көмектесу, егіс бригадалары мен мал фермаларында партия топтарын құру, коммунистерді жұмыстың шешуші учасоктеріне бөліп, олардың авангардтық рольдерін арттыру жөнінде сөз көп болды. Бірақ, нақтылы ештеңе істелмеді. Колхоздың партия бю- росына, оның партия жұмысынан тәжри- бесі кем секретары Омаров жолдасқа тиісті көмек көрсетілмеді. Осының салдарынан өткен жылы пар- тия ұйымы колхоз басқармасының жұ- мысына жеткіліксіз басшылық жасады. Колхозды ұйымдық- шаруашылық жағы- нан нығайту жөнінде түйінгі мәселелері



Батуми қаласында 850 адамға лайық талған жана театр салынды. СУРЕТТЕ: театр үйінің көрінісі. (СОТА-ның фотохроникасы).

Жаңа кітаптар

Қаладағы «Казкижторг» магазиніне казак және орыс тілдерінде мынадай кітаптар түсті.  
Н. Киикбаев. «Бірінші бесжылдықтағы Қазақстанның өнеркәсібі» (орыс тілінде). Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1951 жыл 5.000 дана, 94 бет. Бағасы 2 сом 10 ты- ын.  
А. Шешенко. «Ұлы Отан соғысы жыл дарында большевиктер партиясының тыл- ды нығайтудағы күресі» (орыс тілінде). Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1951 жыл. 10.000 дана, 168 бет. Бағасы 3 сом 80 тыын.  
Я. И. Перельман. «Цюлковский». (қа- зақ тілінде). Аударғандар: Х. Ш. Шеге- нов және Т. Қакишев. Қазақтың мемле- кеттік окв—педагогикалық баспасы, 1951 жыл 15.000 дана, 168 бет. Бағасы 3 сом

1951 жыл. 20.000 дана 735 бет. Бағасы 36 сом 15 тыын.  
С. Айни. «Бұхара». екінші—бөлімі. (қазақ тілінде). Аударғандар Р. Райымқұлов және И. Төребаев. Қазақтың мемлекеттік әдебиет баспасы, 1951 жыл. 20.000 дана, 157 бет. Бағасы 7 сом 20 тыын.  
А. Кожевников. «Нәрлі су», (қазақ ті- лінде). Аударғандар: Г. Ахмедов және Ф. Орманов. Қазақтың мемлекеттік әде- биет баспасы, 1951 жыл. 20.000 дана, 533 бет. Бағасы 25 сом.  
В. Панова. «Жарқын жаға». Повесть. (қазақ тілінде). Аударған Т. Сағынбаев, Қазақтың мемлекеттік әдебиет баспасы, 1951 жыл. 20.000 дана, 219 бет. Бағасы 11 сом.  
А. Н. Островский. «Орман». Бес пер-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 12 март. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Ха- лық армиясының Бас командованиесі 12 март күні былай деп хабарлады: Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе кыймыл жасай отырып, бұрынғы алып тұр- ған шептерінде қорғаныс ұрыстарын жүр- гізуде болды. Біздің әскерлеріміздің зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

АМЕРИКАНЫҢ ЖАПОНИЯНЫ  
ОККУПАЦИЯЛАУЫ

ТОКИО, 11 март. (СОТА). Жапонияда- ғы американ әскерлеріне соғыс базалары мен орындарды тауып беру мәселесімен шұғылданушы «әкімшілік келісімді» жү- зеге асыру жөніндегі бірлескен америк- жапон комитетінің жанындағы уақытша іс жүргізу тобы кеше соғыс базалары мен орындарды іріктеп алу жөнінде нені бас- шылыққа алатындығы туралы мәлімдеме жариялады. Мұнымен қатар американдық «гарнизон» әскерлерінің Бас штабы То- киода қалады деп мәлімдеген. Бұл штаб Жапонияның бұрынғы соғыс министрлігі- нің үйіне орналасатын болған. Құрғақта- ғы әскерлердің штабы Канагава префек- турасындағы Дзамаға көшірілген, әуе соғыс күштерінің штабы Тацикаваға, со- ғыс-теңіз күштерінің штабы Йокосукаға көшірілген. «Майничи» газетінің хабарына қараған- да, американ «гарнизон» әскерлері кәзіргі уақытта Американың оккупациялаушы әс- керлері пайдаланып отырған барлық со- ғыс орындарын сақтап қалатын болған. Үкмет топтарының пікірінше, америкн штабтарын басқа қалаларға көшіру Жа- понияға меншікті нәрселерді қайтарып бе- ру мақсатымен емес стратегиялық мақсат пен істеліп отырған жеріндегі. Репарация істері жөніндегі Басқарма- ның мәліметтеріне қарағанда, америкн әскерлері кәзіргі уақытта Жапонияның мемлекеттік және жеке кісілік меншіктер ді, соның ішінде құрал-жабдық, үлкен жер танаптарды және 200 миллиард иендік құрылыс орындарын пайдаланып отырған көрінеді.



